

«Ақмола облысы білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының мектеп-лицейі»
КММ

2024-2025 оқу жылындағы
сынып жетекшілер
әдістемелік отырысы
ХАТТАМАМАЛАРЫ

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім
бөлімі Макинск қаласының мектеп-лицейі» КММ
сынып жетекшілер әдістемелік отырысының
№1 ХАТТАМАМАСЫ

Қатысты:20

Қатыспады:0

Мерзімі: 29 тамыз

Күн тәртібі:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру. (Тәрбие жөніндегі директордың орынбасары Н.Серік)
- 2.Сынып жетекшінің міндеті мен мақсаттары. (Тәрбие жөніндегі директордың орынбасары Н.Серік)
- 3.Жаңа оқу жылына дайындық.(сынып бұрышы). Сынып жетекшілер ӘБ Маханова З А
- 4.Әлеуметтік көмек беретін оқушыларды анықтау. (әлеуметтік паспорт) Әлеуметтік педагог Хавден Б.
- 5.Мектепшілік іс-шаралар жоспары.
- 6.Әртүрлі мәселелер.

Сөйледі: директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Н.Серік.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жопарымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстырды. Әрбір бағытына тоқталып, өткізілетін іс шаралардың жоспарын таныстырды. Бұл оқу жылында әр сабақта өмір қауіпсіздігі туралы он минут берілгендігін хабарлады және әр тақырыпқа бейнетаспалар бар екенін хабарлады. Сонымен қатар әр сыныптың тақырыптары әр түрлі екендігін ескертті. Жылдық тәрбие жоспарын дайындап жуық арада тапсыруларын айтты.

Сынып жетекшілердің міндеттерімен мақсаттарына тоқталды. Сынып жетекшінің жұмыс уақыты, оқу барысында атқарылатын жұмыстармен таныстырды. Ата-аналармен жұмыс жүргізуде мұғалімнің әдеп сақтауын ескертті. Сонымен қатар сынып оқушыларымен тығыз байланыста болып, күнделікті көңіл күйіне назар аударып отыруларын айтты.

Сөйледі: (сынып жетекшілер ӘБ Маханова З А)

Жаңа оқу жылына дайындық туралы айтты. Сыныптағы сынып бұрыштарын жаңалатып, ең қажет деген мәліметтерді салуларын айтты. Оқушының міндеттері, сынып тізімі, сынып белсенділері, сабақ кестесі, коңырау кестесі, сынып кезекшілері.

Сөйледі: әлеуметтік педагог Хавден Б.

Жаңа оқу жылында тағайындалған сынып жетекшілер өз сыныбының әлеуметтік паспортын дайындауын, сонымен қатар паспорттың құрылымын көрсетті. Өткен оқу жылынан кішкене өзгеріс бар екенін хабарлады.

Сыныптың әлеуметтік жағдайымен толық хабардар болу үшін әр оқушының үйіне барып, акт парағын толтыруларын ескертті. Оқушының ата анасымен немесе заңды өкілімен кездесіп, көмек қажет ететін жанұяларға көмек көрсету керектігін әлеуметтік педагогпен ақылдасуы керектігін жеткізді. Әлеуметтік паспортты дайындап тапсыруларын айтты.

Әртүрлі мәселелер талқыға салынып, сұрақтарға толық жауап берілді.

Шешімі:

1. Жылдық тәрбие жоспарын уақытында тапсыру.
2. Әлеуметтік паспортты дайындап тапсыру.
3. Оқушылардың үйіне бару.
4. Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларды анықтау.
5. Сынып бұрышын дайындау.
6. Мектепішілік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге тырысу.

Хатшы: З.А.Маханова